

Қазақстан Республикасында Ауыл шаруашылық өсімдіктері мен орман алқабын химиялық, биологиялық қорғау құралдарын, феромондарды және өсуін реттегіштерді сынау мен тіркеу жөніндегі республикалық комиссияны құру туралы <\*> Ескерту. Қаулының атауына өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.01.09. N 37 қаулысымен.

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 20 шілде 1992 ж. N 608. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.04.29. N 498 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚРҮ-ің 1999.04.29. N 498 қаулысымен.  
P990498\_

Қазақстан Республикасында пестицидтерді және басқа препараттарды қолдану регламентін тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін және орман алқабын химиялық, биологиялық қорғау құралдарын, феромондарды және өсуін реттегіштерді сынау мен тіркеу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын. <\*> <\*>

Ескерту.1-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМҚ-нің 1996.01.09. N 37 қаулысымен.

Ескерту.1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен. P980651\_

2. Аталған Комиссияға адамның денсаулығы мен айналадағы ортаның хауіпсіздігін қамтамасыз ететін өсімдік қорғау құралдарын қолданудың биологиялық, токсикологиялық-гигиеналық және экологиялық регламентін әзірлеу мен тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ауыл және орман шаруашылықтарында пайдалануға рұқсат етілген пестицидтердің тізбесін мемлекеттік тіркеуден өткізу жүктелсін.

3. Комиссияға:

оған жүктелген міндеттерді шешу үшін зерттеу шарттық негізде жүргізілсін.  
<\*>

Комиссия қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес осы құралдар қолданылатын аймақта қалыптасқан экологиялық жағдайға және бұл мәселе жөнінде осы заманғы ғылыми зерттеулер мен ұсыныстардың болуына қарай пестицидтердің және басқа химияландыру құралдарының тізбесіне, оларды

қолдану технологиясына өзгерістер енгізу хұқы берілсін.

Ескерту. 3-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1996.

01.09. N 37 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ.3-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.07.09. N 651

қаулысымен. P980651\_

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасында Ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен орман алқабын химиялық , биологиялық қорғау құралдарын, феромондарды және өсуін реттегіштерді сынау мен тіркеу жөніндегі республикалық комиссия туралы Ережені әзірлеп, бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын. <\*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1996.01.09.

N 37 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне комиссияның жұмыс аппаратын орналастыру үшін үй-жай (100 м2 кем емес) бөлу тапсырылсын.

<\*>

Ескерту. Жаңа 5-ші тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1996.

01.09. N 37 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 20 шілдедегі

N 608 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық өсімдіктері мен орман алқабын химиялық, биологиялық қорғау құралдарын, феромондарды және өсуін реттегіштерді сынау мен тіркеу жөніндегі Мемлекеттік ведомствоаралық

комиссияның

## Құрамы

- Косарев В.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары (комиссиясының төрағасы)
- Ляхов Б.К. - Республикалық өсімдік қорғау стансасының бастығы (төрағасының орынбасары)
- Реймер А.А - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас санитарлық дәрігері (төрағаның орынбасары)
- Әмірғалиев Н.А - Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары
- Баканов Ш.А - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының аймақтық тамақтандыру проблемалары ғылыми орталығының пестицидтер гигиенасы лабораториясының меңгерушісі
- Беляков В.П - "Қазқұнарлылық" мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің төрағасы
- Букенова Р.К - Қазақ ауыл шаруашылық ғылыми академиясының егіншілік, мелиорация, экология, орман шаруашылығы және агроэкожүйе бөлімшесінің ғалым хатшысы
- Дмитриенко В.Е - Қазақ азаматтық авиация басқармасының бас маманы
- Ершова Н.П - Орман шаруашылығы комитетінің Бас маманы
- Корниевский Е.Ю- Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық стансасының пестицидтер токсикологиясы лабораториясының меңгерушісі

Лукашев А.А - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің гигиена және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институтының интоксикация механизмін зерттеу лабораториясының меңгерушісі

Малыгин Е.В - Мемлекеттік карантин инспекциясының бастығы

Нұрмұратов Т.Н - Қазақ өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институтының директоры

Сағитов А.О - Қазақ ауыл шаруашылық институтының проректоры

Суслов Г.Б - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің жердің пайдаланылу мен қорғалуына мемлекеттік бақылау жасау бөлімінің бастығы

Төлемісов К.А - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Микробиология ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары

Шеянов В.Н - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бас санитарлық дәрігерінің орынбасары

Эльперин М.М - "Агрохим" ғылыми-технологиялық орталығының директоры